

М.М.Елемесова, М.М.Сергазина, М.Б.Алимжанова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы  
(E-mail: makpal\_e\_94@mail.ru)*

## **Мұнайдың компоненттік құрамын хроматографиялық әдістермен анықтау: шолу**

Мұнайды талдауда қолданылатын стандартты және заманауи әдістемелер жетерлік, алайда бұл әдістемелер компоненттік құрамды анықтауға толық мүмкіндік бермейді. Мақалада мұнайдың компоненттік құрамын газды хроматография, газды хромато-масс-спектрометрия, екі өлшемді газды хроматография, жоғары тиімді сұйық хроматография әдістемелері бойынша анықтау қарастырылды. Хроматографиялық әдістемелердің артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілді. Сонымен қатар мұнай құрамындағы полициклді ароматты қосылыстарды және биомаркерлерді екі өлшемді газды хроматография әдісі бойынша анықтаудың әдістемесі көрсетілді. Екі өлшемді газды хроматография, басқа әдістерге қарағанда, 50 есе сезімтал, табиғаты әр түрлі заттарды сапалы және жылдам анықтауға қабілетті, сондай-ақ мұнайдың компоненттік құрамын толық зерттеуге мүмкіндік беретін әдіс ретінде таңдалды.

*Кілт сөздер:* газды хромато-масс-спектрометрия, екі өлшемді газды хроматография, жоғары тиімді сұйық хроматография.

### *Кіріспе*

Мұнай және мұнай өнімдері құрамында көп мөлшерде алкандар (сызықтық немесе тармақталған парафиндер), циклоалкандар (нафтендер), ароматты көмірсутектер немесе одан да көп асфальтендер сияқты күрделі қосылыстар болады. Осындай көп компонентті жүйенің құрамын анықтаудың ең жетілген әдістемелерінің бірі — хроматографиялық әдістеме ыдыраусыз булануға қабілетті, төмен молекулалық қоспаларды зерттеу үшін әмбебап, ерекше қондырғы болып табылады.

Мұнай және мұнай өнімдерін зерттеудің бірнеше стандартты әдістемелері бар. Мұнайдың және мұнай өнімдерінің фракциялық құрамын анықтаудың стандартталған әдістері қарапайым айдауға немесе мұнай өнімін атмосфералық қысымда және вакуумда мерзімдік ректификациялауға негізделген. МемСТ 11011–85 негізделген кеңінен қолданылатын әдістеме кейбір фракциялардың құрамын шың қайнау температуралары негізінде болжамдық түрде анықтауға мүмкіндік береді. Ал 13379–82 МемСТ негізделген әдістеме мұнайдың компоненттік құрамын газды хроматография бойынша зерттеуге мүмкіндік береді. Бірақ анықтауды осындай зертханалық жағдайларда өткізу еңбекті уақыты (АРН-2 құрылғысында 36 сағ) және талданылатын өнімнің көп мөлшерін (100 мл-ден 5 л-ге дейін) қажет етеді [1–4]. Сол себепті мұнайдың компоненттік құрамын жоғары тиімді сұйық хроматография (ЖЭСХ), газды хроматография (ГХ) және заманауи газды хромато-масс-спектрометрия (ГХ/МС), екі өлшемді газды хроматография (ГХ×ГХ) секілді әдістермен зерттеу маңызды болып табылады.

### *Жоғары тиімді сұйық хроматография*

Сұйық хроматография (СХ) негізіндегі үрдістер мұнай индустриясында мониторинг жүргізу, қоршаған ортаның қауіпсіздігін сақтау, өнім сапасын бағалау, уытты қосылыстарды анықтауда және ғылыми-зерттеу мәселелерді шешуде және талқылауда қолданылады.

Сұйық хроматографияны мұнай өнімдерінде қолдану, бөлу, анықтау және жеке компоненттерді сандық анықтауда сондай-ақ молекула өлшемдерінің салмағын анықтау сияқты үрдістерді қамтиды. ЖЭСХ әдістемесі, СХ әдісіне қарағанда, әлдеқайда мол мүмкіншіліктер береді. ЖЭСХ әдістемелерінің негізгі артықшылықтары:

- талдау уақытын қысқарту;
- талдау уақытының жылдамдығы;
- жоғары сезімталдық;
- зерттелетін үлгінің аз мөлшерде енгізілуі және т.б.

Зерттеушілер ЖЭСХ әдісінің ГХ әдісінен айырмашылығын бөлу үрдісінің жылжитын фаза ретінде қолданылатын ерітіндінің қайнау температурасынан төмен температурада өтуімен

карастырды [5–7]. Алайда сұйық хроматографияда қиын үрдіс ретінде әдетте әр фракцияны жоғары сезімталды детектрленуі саналады. Бұл мәселені шешу мақсатында ультракүлгін сәулелердің жұтылуын тіркеуші [8], калориметрлер [9], электрохимиялық детекторлер [10], рефрактометрлер [11, 12], спектрофотометрлер [13] және флуоресцентті детекторлер [14] сияқты құрылғылармен жабдықталған бірнеше детектрлеу жүйелері ұсынылды. Сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерінің құрамындағы бейорганикалық қосылыстарды анықтау үшін атомды-абсорбционды спектрометрия [13, 14] және қозған органикалық молекулалардың хемилюминесценциясын өлшеу (озонды хемилюминесценттік детектор) сияқты арнайы химия-аналитикалық әдістемелер қолданылады.

Қазіргі заманғы ЖЭСХ шикі мұнай құрамынан көмірсутектер түрлерін ауқымды бөлудің препараттық және аналитикалық түрлерін қамтамасыз етеді. Препараттық бөлу жиналған фракциядан еріткіштер жойылғаннан кейін, көмірсутек түрлерін гравиметриялық анықтау үшін қолданылады. ЖЭСХ әр түрлі қоспаларды полярлығына, ұқсастығына сәйкес еріткіштер мен адсорбенттерді қолданып бөлуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ЖЭСХ жүйесі автоматтандырылған болуы мүмкін.

Шикі мұнай — әр түрлі өлшемді және молекулалық құрылысты жүздеген жеке компоненттерден тұратын кешенді материал. ЖЭСХ арқылы шикі мұнайды қосылыстар түрлеріне бастапқы бөлу кезіндегі мүмкіндік дәрежесі көбінесе шекті болып келеді. Сондықтан жеке компоненттерді немесе функционалдарды анықтаған кезде, бастапқы бөлудегі фракциялар қатысып, бөлу жоғары мүмкіндікті хроматографиялық және спектроскопиялық әдістемелер бойынша автономды және онлайн-режимде жүреді [15, 16].

Мұнай және мұнай фракцияларының құрамындағы негізгі топтардың ЖЭСХ әдісімен бөлінуін зерттеген жұмыстар көп. Қаныққан және ароматты көмірсутектерді анықтау диэлектрлік өтімді детектор және алюминий оксиді колонкасын қолданып зерттелді [17]. Ал [17–21] жұмыстарда тура айдалған бензин құрамындағы моно- және бициклді ароматты көмірсутектер сияқты күрделі қосылыстарды анықтау келтірілген. Мұнайдың ауыр фракцияларынан полиароматты қосылыстарды бөлу [22] жұмыста келтірілді. Мұнай құрамындағы циклді гетероатомды қосылыстарды қышқылды, негіздік және нейтралды формада алюминий оксидімен толтырылған, ұзындығы 30 см-дан 90 см-ге дейінгі колонкада бөлу [23] жұмыста қарастырылды. Элюент ретінде диэтил эфирінің 10 % ерітіндісі немесе хлороформның пентандағы ерітіндісі қолданылды.

Көмірсутек түрлерін ЖЭСХ арқылы бөлудің препараттық және аналитикалық түрлері кремний, аминопропилсилоксан негізіндегі кремний, 2,4-динитроанилинпропилсилоксан негізіндегі кремний типті колонкаларды құрады. Мұнай және басқа отындарды бөлуде көбінесе амина- және пропилсилоксан типті колонкалар кеңінен қолданылды. Қозғалғыш фаза ретінде метилен хлорид, хлороформ, тетрагидрофуран, метанол секілді органикалық қосылыстар ароматты және полярлы қосылыстарды бөлуде қолданылады [24].

#### *Газды хроматография*

Мұнай химиялық өндірісте және энергетикада газды хроматографиялық талдау әдістемесінің қолданылу аясы өте кең. Олар [25]:

- табиғи, жол-жөнекей және сұйытылған газдардың компоненттік құрамын олардың физика-химиялық қасиеттерін есепке ала отырып талдау;
- мұнай және мұнай өнімдерінің соның ішінде автомобильді отындардың бірнеше физикалық қасиеттерін есепке ала отырып, фракциялық және компоненттік құрамын талдау;
- мұнай және табиғи газдардағы күкіртсутектің және меркаптандардың мөлшерін анықтау;
- мұнай құрамындағы хлорорганикалық қоспалардың мөлшерін анықтау;
- мұнай өнімдерін олардың шығу тегін анықтау мақсатында талдау т.б.

Газды хроматография — қозғалмалы фазасы газ болатын, әр түрлі қоспалардан ұшқыш компоненттерді бөлуге арналған хроматографиялық әдіс. Бұл әдісті ұшқыш, термотұрақты, инерттілік сияқты қасиеттерге ие, молекулалық массасы 400-ден кем емес газ тәрізді, сұйық және қатты заттарды талдау үшін қолданады.

Газды хроматографияның дамуы мұнай компоненттерін табысты анықтауға мүмкіндік беретін маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар бұл әдістемені мұнайды жоғары температурада қайнайтын компоненттеріне қолдануға болмайды, себебі ондай заттар аз ұшқыш келеді. Мұнайдың жоғары молекулалы асфальтенді компоненттердің салыстырмалы аз ұшқыштығы компоненттерді анықтаудың басқа әдістемесінің, яғни, көмірсутек атомдар типтерін зерттеудің дамуына алып келді.

Газды хроматография өзінің жоғары мүмкіндігі нәтижесінде жеңіл және орташа дистилляттарды анықтау үшін қолайлы әдістеме болып табылады. Қалыпты шынайы қайнау температурасын айыру ұзақ уақытты талап етеді және қымбатқа түседі. ГХ әдісі мұнай құрамындағы көмірсутек атомдары сандарын бөліп анықтау бойынша дистилляцияны модельдеу (SimDist) үшін тез және оңтайлы әдістеме ретінде кең қолданылады [26]. Жоғары температуралы ГХ SimDist әдістемесі үшін әдетте жұқа қабатты полидиметилсилоксан стационарлық фазасы мен қысқа капиллярлы колонканы пайдаланады [27].

1956 ж. капиллярлы колонканың ашылуы газды хроматографияның аналитикалық мүмкіндіктерін кеңейтіп, ауыр қоспаларды талдауға мүмкіндік берді [28, 29]. Мұнай және мұнай өнімдерін талдаудағы қатаң талап, капиллярлы хроматографияның жоғары тиімді түрін жетілдіруге ықпал етті. Нәтижесінде ХХ ғ. 60 жж. жоғары тиімді капиллярлы хроматография және масс-спектрометрияның жиынтығы, қуатты аналитикалық әдіс ойлап табылды және хромато-масс-спектрометрия деп аталды. Қазіргі таңда мұнай және мұнай өнімдерін осы әдіспен талдау әр компонентке тіркелген хроматограмма және масс-спектрометрлерді электронды-есептеу техникасымен толықтырылды [30–33].

### *Газды хромато-масс-спектрометрия*

Газды хромато-масс спектрометрия — қоспаларды сандық және сапалық зерттеудің кең көлемді әдістемесі. ГХ/МС — екі қуатты аналитикалық құрылғылардың жиынтығы: газды фазада күрделі қоспа компоненттерін жоғары тиімді бөлінуін қамтамасыз ететін газды хроматография және белгілі және белгісіз қоспа компоненттерін анықтауға мүмкіндік беретін масс-спектрометрия.

ХХ ғ. 60 жж. Робинсон жұмыстары [34, 35] мұнай құрамында қаныққан және ароматты көмірсутектерді төмен мүмкіндікті масс-спектрометрия әдісімен анықтауға негізделді. Сол кезде алынған көпөлшемді мәліметтерді өңдеуге арналған статистикалық әдістерді шығарудың бірінші әрекеттері жасалынды.

ГХ/МС интерфейстерінің бірнеше типтері ежелден белгілі, алайда жоғары өндірістік вакуумды техниканың дамуы нәтижесінде және газды хроматографияны толық түрде колонкалармен (жоғары газ тасымалдағыш ағынмен) ауыстыру қазіргі таңда сынаманы тікелей енгізуге әкелді, яғни, колонкадан шыққан қоспа масс-спектрометрия ионизациялау аймағына тура бағытталады.

ГХ/МС заттарды газохроматографиялық ұстау индексі және масс-спектрі бойынша жоғары спецификалық тұрғыда сипаттайды. Хроматографиялық шыңдары бар заттарды олардың масс-спектрі бойынша анықтайды. Екінші жағынан, ұқсас масс-спектрлері бар изомерлерді ұстау индекстері бойынша. Осылайша, қоспаларды анализдеу кезінде, ГХ және МС бірін-бірі толықтырады [36].

ГХ/МС әдістемесінің негізгі артықшылықтары:

- бөлудің жоғары тиімділігі және идентификациясы;
- жоғары селективтілік (әр ионға) бөлудің тиімділігін арттырады;
- табиғаты әр түрлі үлгілерді бір уақытта анықтауға қабілеттілігі;
- қосылыстарды (бензин, органикалық еріткіштер т.б) сапалы және жылдам анықтауға қабілеттілігі.

### *Екі өлшемді газды хроматография*

1990 ж. Liu және Phillips есімді ғалымдар екі өлшемді газды хроматографияны толық сипаттағаннан кейін [37], екі өлшемді ГХ технологиясы дамып, биология, қоршаған орта, тамақ, фармацевтика, мұнай өндірісі салаларында қолданыла бастады [38].

ГХ×ГХ әдістемесінің артықшылықтары:

– *құрылымдық хроматограммалар*: қосылыстар екі өлшемді ГХ жоспарында топ түрлері бойынша таралады және әрбір жекелеген топта белгілі бір өзіндік үлгі бар. Реттелген хроматограмма, реттелмеген хроматограммаға қарағанда, әлдеқайда түсінікті және мол мәліметтер беруге қабілетті артықшылығы бар. Шыңдардың орналасу үлгісі ақпаратты болады және жоғары сенімділікпен қоспаның барлық немесе бірнеше компоненттерін анықтауға жағдай туғызады [39];

– *бөлгіштігі*: екі өлшемді ГХ негізгі өлшем бойымен, сондай-ақ екінші өлшем бойымен компоненттерді ажыратады;

– *қуаттылығы*: екі өлшемді ГХ шыңдары бір жолақшаға қарағанда бүкіл жазықтықта жақсы таралады. Екі өлшемді ГХ шыңдарында  $n_1 \times n_2$  өлшемдер қуаттылығы болады. Яғни,  $n_1$  — бірінші

өлшем қуаттылығы;  $n_2$  — екінші өлшем қуаттылығы. Сонымен қатар екі өлшемді ГХ қуаттылығы, қарапайым ГХ қуаттылығына қарағанда, әлдеқайда жоғары;

– жоғары сезімталдығы: қарапайым бір өлшемді ГХ-мен салыстырғанда, екі өлшемді ГХ сезімталдығы 1,5–50 есе аралығында өсті. Екі өлшемді ГХ үшін сынамаларды анықтау шегі 2 Пг [40].

Екі өлшемді ГХ-да көбінесе бірінші бағанда полярлы емес бағаналар қолданылса, екінші бағанада орташа полярлы немесе полярлы бағаналар қолданылады [41, 42]. Сонымен қатар бірінші орташа полярлы немесе полярлы бағаналарды, ал екінші полярлы емес бағаналарды қолданылып жасалған зерттеулер де бар. Кері фазалы қондырғы ароматты емес топтарды жақсы бөлуге қабілетті келеді [43–45]. Ал қалыпты фазалы бағаналар ароматты қосылыстарды бөлуде пайдаланады.

Бірінші және екінші өлшемді бөлу комбинациясы бір өлшемдіге қарағанда, компоненттерді сандық және сапалық анықтауда бірыңғай мол мүмкіндік береді. Мұнай және мұнай өнімдерін талдауда көміртек атомдарын бөлу үшін қайнау нүктесі бар стандарттар анықтамасы пайдаланылады.

Топтар арасындағы шекара көп немесе аз диффузиялық болуы мүмкін [46]. Шекарадағы қосылыстардың көптігі нақты анықтауда көп уақыт алатындықтан, топтарды анықтау стандарттар немесе топтар шекарасын бағалау бойынша жүзеге асады. Мұнайды ГХ×ГХ әдістемесімен талдау кезінде полярлы топтар бірнеше стандарттармен анықталады [47]. Сезімталдық коэффициенті өкілді компоненттер мен әр топтар бойынша шығарылады [48]. Мұнайдың компоненттік құрамын хроматографиялық әдістермен зерттеу әдістемелері төмендегі кестеде келтірілген.

К е с т е

## Мұнай құрамын хроматографиялық әдістермен зерттеу

№	Анықталатын қосылыстар	Сынама дайындау	Әдістеме	Әдістеме шарттары	Сілтеме
1	2	3	4	5	6
1	C <sub>8</sub> –C <sub>14</sub>	Шикі мұнай үлгісін пентанда сұйылту (1:200)	ГХ-ЖИД	НР-5 (60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм) фенил/метилполисилоксан; t <sub>пеш.</sub> : 20 °C (τ <sub>уст.</sub> = 10 мин) – 320 °C (τ <sub>уст.</sub> = 30 мин); v = 3 °C/мин; t <sub>енг.</sub> : 320 °C	[49]
2	Қалыпты алкандар	Үлгіні пентанның артық мөлшерімен деасфальтендіру және фильтрлеу. Көмірсутекті үлгідегі алифатты көмірсутектері бар парафиндерді элюирлеу үшін гексан қолдану	ГХ-ЖИД	30 м × 0,25 мм кремний капиллярлы колонка	[50]
3	C <sub>3</sub> –C <sub>20</sub>	Шикі мұнай үлгісін CS <sub>2</sub> еріту (50:50)	ГХ-ЖИД	НР-5 (60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм) фенил/метилполисилоксан; t <sub>пеш.</sub> : 20 °C (τ <sub>уст.</sub> = 10 мин) – 320 °C (τ <sub>уст.</sub> = 30 мин); v = 3 °C/мин; t <sub>енг.</sub> : 320 °C	[51]
4	C <sub>8</sub> –C <sub>34</sub>	7 мұнай үлгілері алдын ала триоксинитрат (V) жуу, сумен тазалау, кептіру	ГХ-ЖИД	30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм метил силиконмен қапталған кремний капиллярлы колонка; t <sub>пеш.</sub> : 60 °C (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин) – 280 °C (τ <sub>уст.</sub> = 15 мин); v = 4 °C/мин; t <sub>енг.</sub> : 280 °C	[52]
5	C <sub>8</sub> –C <sub>40</sub>	50 мг шикі мұнай 3 г силикагельмен алифатты, ароматты көмірсутектер бөлу. Ароматты және алифатты көмірсутектерді ГХ да талдау	ГХ-ЖИД	ДВ-5 (30 м × 0,32 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 50 °C (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 300 °C (τ <sub>уст.</sub> = 16 мин); v = 6 °C/мин; t <sub>енг.</sub> : 290 °C	[53]

1	2	3	4	5	6
6	Алифатты көмірсутектер	Деасфальтендірілген мұнай үлгісі 15 мл петролейн эфири + 15 мл дихлорметанмен элюирленіп, роторлы буландырғышта буландырылады	ГХ-ЖИД	НР-5 (30 м × 0,32 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 300 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); v = 4 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 300 °С	[54]
7	C <sub>10</sub> –C <sub>90</sub>	CS <sub>2</sub> сұйылту	ГХ-ЖИД	МХТ-500 (6 м × 0,53 мм × 0,15 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 300 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); v = 4 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 300 °С	[55]
8	C <sub>20</sub> –C <sub>38</sub>	Мұнай үлгілері Ява аралынан жиналды	ГХ-ЖИД	НР-5 (30 м × 0,32 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 35 °С – 300 °С; v = 10 °С/мин	[56]
9	C <sub>7</sub> –C <sub>35</sub>	Шикі мұнай үлгілері «Addax petroleum Exploration» Нигерия аймағынан жиналды	ГХ-ЖИД	PONA (50 м × 0,25 мм × 0,5 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 35 °С (τ <sub>уст.</sub> = 5 мин) – 320 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); v = 3 °С/мин	[57]
10	Парафин, нафтен, ароматты көмірсутектер	ВР-180 °С газойль фракциясы сұрыпталып, жеке көмірсутектерге бөлінді	ГХ-ЖИД	100 м кварц капиллярлы колонка; t <sub>пеш.</sub> : 25 °С – 250 °С; v = 3 °С/мин	[58]
11	C <sub>9</sub> –C <sub>13</sub> алкандар	Үлгілерді іріктеп, жинағыш қораптарда қыздыру, араластыру	ГХ-ЖИД	НР-PONA (50 м × 0,2 мм); t <sub>пеш.</sub> : 30 °С (τ <sub>уст.</sub> = 15 мин) – 320 °С (τ <sub>уст.</sub> = 15 мин); v = 4 °С/мин	[59]
12	Парафиндер	2 % CS <sub>2</sub> еріту	ГХ/МС	ДВ-1 НТ J&W (15 м × 0,25 мм × 0,1 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 0 °С – 380 °С (τ <sub>уст.</sub> = 11 мин); v = 25 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 400 °С	[60]
13	Парафинді және ароматты көмірсутектер	Мұнай үлгілері силикагель бағанымен парафин және ароматты көмірсутектерге ыдырайды	ГХ/МС	PONA (50 м × 0,2 мм × 0,5 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 30 °С – 305 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); v = 1 °С/мин; t <sub>ион көзі</sub> : 250 °С	[61]
14	Ароматты көмірсутектер	10 мл шикі мұнай үлгісі + 15 мл қ-гексан, 5 % бензол + 95 % гексан: моноароматты; 15 % бензол + 85 % гексан: диароматты; полиароматты көмірсутектер үшін: 60 % метанол + 20 % диэтилэфир + 20 % бензолмен элюрлеу	ГХ/МС	30 м × 0,32 мм × 1,0 мкм кремний капиллярлы колонка; t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 350 °С (τ <sub>уст.</sub> = 16 мин); v = 4 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 250 °С	[62]
15	C <sub>14</sub> –C <sub>25</sub>	Шикі мұнай үлгісін 0,1 М тетрагидрофуранмен талдау	ГХ/МС	ZB-5 MS (30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 60 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 250 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); v = 10 °С/мин	[63]
16	Парафиндер	Деасфальтендірілген мұнай үлгісі 15 мл петролейн эфири + 15 мл дихлорметанмен элюирленіп, роторлы буландырғышта буландырылады	ГХ/МС	НР-5 (30 м × 0,32 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 50 °С (τ <sub>уст.</sub> = 5 мин) – 310 °С (τ <sub>уст.</sub> = 10 мин); v = 5 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 280 °С	[64]
17	C <sub>19</sub> –C <sub>35</sub>	Жиналған мұнай үлгілері парафинді, ароматты, нафтенді фракцияларға бөлінді	ГХ/МС	НР-5 MS (60 м × 0,35 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 3 мин) – 250 °С; v = 5 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 280 °С; t <sub>ион көзі</sub> : 250 °С	[65]

## Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
18	Полициклді ароматты қосылыстар, биомаркерлер	20–50 мг мұнай үлгісі + 5 мл дихлорметан	ГХ/МС	НР-5 MS (60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин) – 300 °С (τ <sub>уст.</sub> = 30 мин); ν = 6 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 300 °С; t <sub>ион көзі</sub> : 230 °С	[66]
19	C <sub>25</sub> –C <sub>35</sub>	Шикі мұнай үлгісін қ-гексанмен деасфальттендіру. CH <sub>2</sub> Cl <sub>2</sub> , CH <sub>3</sub> ОН элюент ретінде қолданып, гексанмен бөлу	ГХ/МС	НР-5 (30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 80 °С (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин) – 280 °С (τ <sub>уст.</sub> = 30 мин); ν = 3 °С/мин; t <sub>ион көзі</sub> : 230 °С	[67]
20	C <sub>20</sub> –C <sub>35</sub>	1,6 мг үлгі + 320 мл гексанмен сұйылту	ГХ/МС/МС	TR-1MS (60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 50 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 150 °С; ν = 20 °С/мин; 150 °С – 310 °С (1 τ <sub>уст.</sub> = 7 мин); ν = 1,5 °С/мин; t <sub>енг.</sub> : 260 °С	[68]
21	Гопан, стеран	25 мг әр шикі мұнай үлгілерін 40 мл таза құтыларға құйылды. Әр үлгіге 10 мл гексан құйылды. 5 мг гидроматрикс қосып, 5 мин араластырылды, 4 сағ бөлме температурасында суытылды. Супернатант 0,45 мкм ПТФЭ фильтрленді. 4 мл экстракт 0,5 г тазалаушы қоспамен қосылды және 2 мин араластырылды. Кейін 0,2 мкм ПТФЭ фильтрмен фильтрленді	ГХ/МС/МС	<u>Гопан талдауы</u> Колонка: DB-EURAN 20 м × 180 мм × 0,14 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 50 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 310 °С (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин); ν = 6 °С/мин; 2) бірінші пештен 10 °С жоғары <u>Стеран талдауы</u> Колонка; НР-5MS 60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 50 °С (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин) – 150 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин); ν = 70 °С/мин; 150 °С – 310 °С; τ <sub>уст.</sub> = 15 мин	[69]
22	Парафинді көмірсутектер	7 мұнай қалдық үлгілері	ГХ-ЖИД, ГХ/МС	DB-5 (30 м × 0,25 мм); t <sub>пеш.</sub> : 35 °С (τ <sub>уст.</sub> = 6 мин) – 425 °С (τ <sub>уст.</sub> = 10 мин)	[70]
23	Парафинді және ароматты көмірсутектер	Гексан, гексан-бензол (2:1), бензол–метанолмен (1:1) элюирлеп талдау	ГХ-ЖИД  ГХ/МС	СВР-1 (25 м × 0,25 мм × 0,22 мкм); t <sub>пеш.</sub> : 80 °С (τ <sub>уст.</sub> = 2 мин) – 300 °С (τ <sub>уст.</sub> = 60 мин); ν = 4 °С/мин; НР — MS-6890 (50 м × 0,25 мм)	[71]
24	Қаныққан көмірсутектер	Шикі мұнай үлгісі СХ арқылы ароматты, қаныққан және полярлы қосылыстарға бөлінді	ГХ-ЖИД  ГХ/МС	SPB-1 (60 м × 0,53 мм); t <sub>пеш.</sub> : 100 °С – 320 °С (τ <sub>уст.</sub> = 20 мин); ν = 3 °С/мин; SE-54 (50 м × 0,25 мм); t <sub>пеш.</sub> : 100 °С – 310 °С; ν = 4 °С/мин	[72]
25	C <sub>15</sub> және қаныққан көмірсутектер	Асфальтендер қ-гександа ерітілді. СХ-да ароматты қаныққан көмірсутектерге бөлінді; алифатты көмірсутектер қ-гександа; ароматты толуолда сұйылту	ГХ-ЖИД  ГХ/МС	НР-PONA (50 м × 0,2 мм); t <sub>пеш.</sub> : 280 °С (τ <sub>уст.</sub> = 5 мин); НР-5MS (30 м × 0,25 мм); t <sub>пеш.</sub> : 260 °С – 280 °С; ν = 4 °С/мин	[73]
26	Қалыпты алкан, изопропан, теран, терпан	Асфальтенді мұнайды термоллиздеу 330°С, 6 сағ	ГХ-ЖИД ГХ/МС	НР-1 (1,0 м × 0,25 мм); t <sub>пеш.</sub> : 80 °С – 320 °С; ν = 4 °С/мин	[74]

1	2	3	4	5	6
27	Парафинді және ароматты көмірсутектер	Шикі мұнай үлгісі 213–347 °С газойл фракциясына дейін сұйылту	ГХ × ГХ — ЖИД	Қалыпты фазалы: колонка: 1) PONA (10 м × 0,2 мм × 0,5 мкм); 2) ВРХ50 (10 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); Қайтымды фазалы: колонка: 1) ВРХ50 (0,8 м × 0,1 мм × 0,1 мкм); 2) DB1 (0,8 м × 0,1 мм × 0,1 мкм); $t_{\text{пеш.}}: 50\text{ }^{\circ}\text{C} - 280\text{ }^{\circ}\text{C}; v = 2\text{ }^{\circ}\text{C/мин}$	[75]
28	Парафинді және ароматты көмірсутектер	Шикі мұнай үлгісі дизель фракциясына бөлініп, талданды	ГХ × ГХ — ЖИД	1 колонка: PONA (10 м × 0,2 мм × 0,5 мкм); 2 колонка ВРХ50 (0,8 м × 0,1 мм × 0,1 мкм); $t_{\text{пеш.}}: 50\text{ }^{\circ}\text{C} - 280\text{ }^{\circ}\text{C}; v = 2\text{ }^{\circ}\text{C/мин}$	[76]
29	Қаныққан көмірсутектер	1/3 (% v/v) CS <sub>2</sub> сұйылту	ГХ × ГХ — ЖИД	Колонка: 1) DB1-НТ (10 м × 0,32 мм × 0,1 мкм); 2) ВРХ-50 (0,8 м × 0,1 мм × 0,1 мкм); $t_{\text{пеш.}}: 100\text{ }^{\circ}\text{C} - 370\text{ }^{\circ}\text{C}; v = 2\text{ }^{\circ}\text{C/мин}$	[77]
30	C <sub>19</sub> –C <sub>24</sub>	CH <sub>2</sub> Cl <sub>2</sub> сұйылту	ГХ-МС ГХ × ГХ — ҰУ-МС	DB-5 (30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм) 5 % — фенил, 95 % — метилсилоксан; $t_{\text{пеш.}}: 70\text{ }^{\circ}\text{C} - 170\text{ }^{\circ}\text{C}$ (20 °C/мин); 170 °C – 310 °C (v = 2 °C/мин); $t_{\text{снг.}}: 290\text{ }^{\circ}\text{C}$ ; Колонка: 1) HP-5MS (30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм) 5 % — фенил, 95 % – метилсилоксан; 2) ВРХ-50 (1,5 м × 0,1 мм × 0,1 мкм) 50 % — фенил, 50 % — метилсилоксан; 1) $t_{\text{пеш.}}: 70\text{ }^{\circ}\text{C} - 170\text{ }^{\circ}\text{C}$ (v = 20 °C/мин); 170 °C – 325 °C (v = 2 °C/мин); 2) $t_{\text{пеш.}}: 10\text{ }^{\circ}\text{C} - 300\text{ }^{\circ}\text{C}; t_{\text{ион козі}}: 230\text{ }^{\circ}\text{C}$	[78]
31	Ароматты көмірсутектер	Дизель және ашық мұнай талданды	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	Колонка: 1) ВРХ-1 (60 м × 0,25 мм × 0,25 мкм); 2) ВРХ-50 (3 м × 0,1 мм × 0,1 мкм); $t_{\text{пеш.}}: 1) 370\text{ }^{\circ}\text{C}; 2) 10\text{ }^{\circ}\text{C} - 250\text{ }^{\circ}\text{C}$	[79]
32	Полициклді ароматты көмірсутектер	Мұнай үлгісі 10 мг/мл метилен хлоридте сұйытылды, тоңазытқышта суытылды, фильтрленді, 1 мл метилен хлоридте ерітілді	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	1 колонка: Rxi®-17Si1 MS (60 м × 0,25 мм × 0,10 мкм); 2 колонка: Rxi®-1НТ (1,0 м × 0,25 мм × 0,10 мкм); Пеш: 1) $t_{\text{пеш.}}: 40\text{ }^{\circ}\text{C}$ ( $\tau_{\text{уст}} = 1\text{ мин}$ ) – 320 °C ( $\tau_{\text{уст}} = 7\text{ мин}$ ); v = 2,5 °C/мин); 2) $t_{\text{пеш.}}: 1\text{ пеш} + 5\text{ }^{\circ}\text{C}; t_{\text{ион козі}}: 250\text{ }^{\circ}\text{C}$	[80]

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
33	Парафиндер және изопреноид, три-, тетра- және пентацикликтерпандер, C <sub>10</sub> диметилденген три-, тетра- және пентацикликтерпандер	Стационарлық фаза ретінде алдын ала белсендендірілген кремнийді, элюент ретінде гександы қолданып, ЖХ-да окшаулау. Үлгілерді дихлорметанда еріту және ГХ-да енгізу	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	Колонка: 1) HP-5ms 30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм; 2) DB-17 1,5 м × 0,1 мм × 0,1 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 70 °С – 170 °С τ <sub>уст.</sub> = 1 мин; v = 20 °С/мин; 170 °С – 300 °С; τ <sub>уст.</sub> = 10 мин; 2) t <sub>пеш.</sub> : 80 °С – 180 °С; τ <sub>уст.</sub> = 1 мин; v = 20 °С/мин; 180 °С – 300 °С; τ <sub>уст.</sub> = 15 мин; v = 2 °С/мин; m/z: 50–600	[81]
34	Терпандер және стеариндер, парафиндер	Әрбір үлгілер вакуумдық қалдықтың (ASTM D 5236) молекулалық дистиллятын (10 <sup>-3</sup> мм) пайдалана отырып, алынды. Әрбір үлгілер белсендендірілген силикагель қолданып ЖХ-да қаныққан және ароматты көмірсутектерге және полярлы қосылыстарға фракционирленді	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	Колонка: 1) HP-5ms 30 м × 0,25 мм × 0,25 мкм; 2) ВРХ-50 1,5 м × 0,1 мм × 0,1 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 70 °С – 170 °С τ <sub>уст.</sub> = 1 мин; v = 20 °С/мин; 170 °С – 325 °С; v = 2 °С/мин; m/z: 50–600	[82]
35	Полициклды ароматты көмірсутектер гопан, стеран	Жеңіл мұнай үлгілері өлшенді және 10 мг/мл метилен хлоридте сұйытылды. 100 мг жуық тарбол 1 мл метилен хлоридте сұйытылды және суытылу үшін тоңазытқышқа қойылды. Үлгілер араластырылып, 0,45 мкм ПТФЭ фильтрімен филтрленді. 1 мл метилен хлоридтің соңғы көлеміне дейін сұйытылды	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	Колонка: 1) Rxi®-17Sil-MS 60 м × 0,25 мм × 0,1 мкм; 2) Rxi®-1HT 1 м × 0,25 мм × 0,1 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 40 °С (τ <sub>уст.</sub> = 1 мин) – 320 °С (τ <sub>уст.</sub> = 7 мин); v = 2,5 °С/мин; 2) бірінші пештен 10 °С жоғары	[83]
36	Биомаркерлер	4 ұңғыма үлгілері ұшқыш компоненттерді жою үшін шашылды. Әр үлгідегі асфальтендер гептанмен ГХ талдауына дейін тұндырылды. Малтен фракциялары 40 мл гептанмен вакуум фильтрінде жиналды. Кейін гептан роторлы буландырғыш көмегімен, үздіксіз N <sub>2</sub> ағыспен жойылды	ГХ × ГХ — ҰУ-МС	Колонка: 1) Restek Rtx-1 20 м × 0,25 мм × 0,25 мкм; 2) SGE ВРХ50 2 м × 0,25 мм × 0,25 мкм; Пеш: 1) t <sub>пеш.</sub> : 40 °С – 370 °С (τ <sub>уст.</sub> = 10 мин); v = 3 °С/мин; 2) t <sub>пеш.</sub> : 70 °С (τ <sub>уст.</sub> = 12 мин); – 325 °С; v = 1,5 °С/мин	[84]

Бұл мақаладағы мәліметтердің көпшілігі «ScienceDirect» ғылыми-техникалық мәліметтердің анықтамалық базасынан алынды. Қалыпты алкандарды ГХ-ЖИД әдісімен анықтау мәліметтерінің көпшілігі сынама дайындауда пентанмен ерітуді қолданып, 30–50 м HP-5, HP-PONA (Agilent) капиллярлы колонкаларын қолданып жүргізілді. Сондай-ақ ароматты және парафиндерді анықтау ГХ/МС әдістемесімен нәтижелі зерттелді. Осы әдістердің көпшілігінде HP-5 (Agilent) ұзындығы 30–60 м аралығындағы капиллярлы колонкалар қолданылды. Сонымен қатар ГХ/МС басқа әдістемелерге қарағанда, қоспаларды жоғары тиімді бөлуді қамтамасыз етеді және белгісіз заттарды масс-спектрлері бойынша анықтауға мүмкіндік береді. Терпан, стеран, полициклды ароматты қосылыстарды және биомаркерлерді анықтауға екі өлшемді газды хроматография ұшқыш уақытты масс-спектрометрия әдісі қабілетті. Ал екі өлшемді газды хроматографияда ароматты және парафинді, қаныққан көмірсутектердің анықталуы жалынды ионизационды детекторды қолданып жүргізілді.

Қорытынды

Бұл жұмыста мұнайдың компоненттік құрамын анықтаудың хроматографиялық әдістемелері келтірілді және әдістемелердің бірнеше пайдалы тұстары көрсетіліп, салыстырылды. Сонымен қатар мақалада қолданылған материалдар мұнай химия саласында, Қазақстан мұнай компоненттерін сапалы анықтауда және бағалауда қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ГОСТ 13379–82. Нефть. Определение углеводородов С1–С6 методом ГХ. — Введ. 1983–07–01. — М.: Стандарт, 1983. — С. 8.
- 2 ГОСТ 31872–2012. Нефтепродукты жидкие. Определение группового углеводородного состава методом флуоресцентной индикаторной адсорбции. — Введ. 2014–07–01. — М.: Стандартинформ, 2013. — С. 10.
- 3 ГОСТ 54039. Качество почв. Экспресс-метод ИК-спектроскопии для определения количества и идентификации загрязнителей почв нефтепродуктами. — Введ. 2012–01–01. — М.: Стандартинформ, 2011. — С. 9.
- 4 ГОСТ 11851–85. Нефть. Метод определения парафина. — Введ. 1986–01–01. — М.: Стандартинформ, 1986. — С. 13.
- 5 Eds Z.D., Macek K., Janak J. Liquid column chromatography. — Amsterdam; New York, 1975.
- 6 Шатц В.Д., Сахартова О.В. Высокоэффективная жидкостная хроматография. — Рига, 1988.
- 7 Chromatography in petroleum analysis. — New York, 1954.
- 8 Лисичкин Г.В. Модифицированные кремнеземы в сорбции, катализе и хроматографии. — М., 1986.
- 9 Бражников В.В. Детекторы для хроматографии. — М., 1992.
- 10 Scott R.P.W. Liquid chromatography detectors. — Amsterdam, 1977.
- 11 Стыскин Е.Л., Ициксон Л.Б., Брауде Е.Б. Практическая высокоэффективная жидкостная хроматография. — М., 1986.
- 12 Андерсон А.А. Жидкостная хроматография аминсоединений. — Рига, 1984.
- 13 Sawicki E., Meeker J.E., Morgan M.J. // J. Chromatogr. — 1965. — Vol. 17(2). — P. 252.
- 14 Ланин С.Н., Никитин Ю.С. // ЖАХ. — 1987. — Вып. 42(9). — С. 1611.
- 15 Ali M.A., Nofal W.A. Application of high performance liquid chromatography for hydrocarbon group type analysis of crude oils // Fuel Science and Technology International. — 1994. — P. 33.
- 16 Altgelt K.H., Gouw T.H. Chromatography in Petroleum Analysis // Chromatographic Science. — 1979. — Vol. 11.
- 17 Чумаков Ю.И., Алябьева М.С. Химическая промышленность Украины, 1970. — С. 53.
- 18 Чумаков Ю.И., Алябьева М.С. Химическая промышленность Украины, 1970. — С. 49.
- 19 Чумаков Ю.И., Дегтярев Ю.И., Алябьева М.С. Тезисы Украинской республ. конф. по орг. химии. — Киев, 1969. — С. 10.
- 20 Чумаков Ю.И., Лопатенко С.К. Химия и технология топлив и масел. — 1974. — С. 53.
- 21 Chumakov Yu., Lopatenko S. // Chromatographia. — 1975. — P. 240.
- 22 Jewell D.M., Ruberto R.G., Davis B.E. // Analyt. Chem. — 1972. — Vol. 44. — P. 2318.
- 23 Dolansky M. // J. Chromatogr. — 1978. — Vol. 148. — P. 175.
